

«Бестөбе негізгі мектебінің»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы 1

Қатысқандар-25

11. 10.2019 жыл

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің комиссия құрамын сайлау
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары және атқарылатын жұмысымен таныстыру.
3. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету.

Қаралды:

1. Тыңдалды: Мектеп директоры С. Муканова жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі жоспармен таныстырып өтті. Онда бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі мүшелерін ата-ана арасында сайлау. Ол сайланған ата-аналар мектепке демеуші көмек көрсетіп және жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсетілуі керек екендігі туралы айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі ата-аналар сайланды:

1. Т. Малгаждарова - қамқоршылық кеңестің төрайымы, ата-ана комитеті;

Мүшелері:

1. Кабдешева М – ата-ана комитеті төрайымы, (бастауыш сынып)
 2. Хаймуллина А – ата-ана комитеті төрайымы, (жоғары буын);
 3. Айтбаева – ата-ана комитеті төрайымы, (бастауыш сынып);
 4. Баяхмет З – ата-ана комитеті төрайымы, (орта буын);
 5. Гаранина Л – ата-ана комитеті төрайымы, (орта буын);
 6. Кайырбаева Г – ата-ана комитеті төрайымы, (жоғары буын);
2. Тыңдалды: Мектеп директоры қамқоршылық кеңесі мүшелерін жұмыс жоспарымен және атқаратын жұмыстарымен таныстырып өтті.

Мектеп оқушылары арасында жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету, жазғы демалыс орындарына жіберу, қаржылай көмек көрсету кезінде отбасы жағдайын тексеріп қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.

Шешім:

1. Жоғарыдағы аталған құрам бойынша қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілеріміз атынан көмек көрсетілсін.

Хатшы

А. Абдрахманова



«Бестөбе негізгі мектебінің» КММ
Қамқоршылық кеңесі
отырысының хаттамасы

Мерзімі: Желтоқсан

Қатысқандар: 30 адам (қорғаушылық
кеңесінің мүшелері, шақырылған ата-
аналар, педагогтар)

Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.

Жауапты: С. Муканова мектеп директоры

2. Мүмкіндігі шектеулі, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының балаларына жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру.

Жауапты: ДТІЖО А. Жунусова

3. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Жауапты: Әлеуметтік педагог Л. Асылбекова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры С. Муканова сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, Жақсы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін. Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары А. Жунусова сөз алды. Мектебімізде мүмкіндігі шектеулі үш оқушы бар. Олар Төлеш Д., Жусунбаев З., Айтбаева М. Қамқорлыққа алынған екі оқушы бар. Олар Цан Артем, Цан Анастасия. Аз қамтамасыз етілген отбасы балалар да бар, тізімін анықтап сыйлықтарын дайындап қойдық. Сыныптарында мерекелік іс шара болған кезде береміз. Сыйлықтар өз дәрежесінде жасалған деп сөзін аяқтады. Жарыс сөзге ата-аналар шығып өз ойлары мен бөлісті. Олар Жорабаева Б., Аитабаева А., Тұрсынбаева Г.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Л. Асылбекова сөз алып әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі жайлы айтты. 17 (он жеті) оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді. I – кезеңде 9 оқушы, II – кезеңге – 8 оқушы ыстық тамақ ішеді.

Қаулы:

- Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиелейік.
- Мүмкіндігі шектеулі балаларға жаңа жылдық сыйлықтар берілсін.
- II жарты жылдықта мектеп асханасынан 17 оқушы ыстық тамақ ішетін болсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

С. Муканова

А. Абдрахманова

